# Қазақстан Республикасының атынан
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 24 қаңтар 3115-24-00-2/3503 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер «Назира» Назира Нуржакиповна Айнакулова

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Назира» Назира Нуржакиповна Айнакулованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Назира» Назира Нуржакиповна Айнакулова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Назира» Назира Нуржакиповна Айнакуловадан Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 5 390 (бес мың үш жүз тоқсан ) теңге

тұрақсыздық айыппұл және 161,70 (бір жүз алпыс бір) теңге 70 тиын төленген мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Назира» Назира Нуржакиповна Айнакуловадан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 24.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Ясарова Р. К., 04.03.2025

3115-24-3-1/3772